



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САУДА ТАЛАПТАРЫ

Талдама жазба

Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті

№4 2018 жылғы қараша

Оспанов Нұрлан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ зерттеулерінің және ҚРҰБ қызметкерлерінің басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер пікірталастарды ынталандыру үшін таратылады. Құжатта айтылған пікірлер автордың жеке ұстанымын білдіреді және ҚРҰБ ресми ұстаныммен сәйкес келмейді.

Талдама жазба
2018 жылғы қараша

Қазақстанның сауда талаптары

Оспанов Нұрлан¹

Аннотация

Сауданың талаптары елдің сыртқы экономикалық жай-күйін көрсететін макроэкономикалық көрсеткіштердің бірі болып табылады. Қазақстан сияқты табиғат ресурстары бай елдерде тауар нарықтарындағы конъюнктураның өзгеруі экономикалық өсуге әсер ететін басты фактор болып табылады. Осы мақалада сауда талаптарының Қазақстанның ағымдағы шотына әсер етуін ұқсас сауда құрылымы бар кейбір елдермен және негізгі сауда әріптестерімен салыстырып талдау келтіріледі.

¹ Оспанов Нұрлан – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті Экономикалық талдау басқармасының бас маманы. Email: Ospanov.N@nationalbank.kz


1. Сауда талаптарының экономикаға ықпал етуі

Сыртқы экономикалық қызмет экономиканың өсуін ынталандыратын маңызды сектор болып табылады. Қазақстан халықаралық саудаға тығыз ықпалдасқан және негізінен энергия ресурстары мен металдар экспортына мамандандырған. Осыған байланысты, әлемдік тауар нарықтарындағы конъюнктура елді әл-ауқатына ықпал етеді.

Табиғат ресурстары бай елдер шикізаттың бағасы жоғары болған кезеңде өзінің өндірісін негізгі экспорттық тауарлардың маңайына шоғырландырады. Қазақстан Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) бағалауы бойынша 2017 жылы Херфиндаль-Хиршманның индексі² (*HH Index*) 0,292 болды. 1985-2010 жылдары орташа алғанда әлемнің барлық елі бойынша *HH Index* 0,134; ЭЫДҰ дамыған елдерінде 0,028; дамушы елдерде 0,171 болды³. Тарихи *HH Index* Қазақстан үшін дамушы елдер бойынша орташа мәндерден жоғары болды.

Шикізат бағалары құбылмалы, бұл экономикалық өсуге жағымсыз әсер етеді. Осы тезис бірқатар эмпирикалық зерттеулермен расталады. Мәселен, баға талаптарының жағымсыз күйзелісі дамушы елдердің экономикасына дамыған елдерге қарағанда үш есе күшті әсер етеді⁴. Қазақстан болмысында экспорттық бағалар құбылмалылығы да экономикалық өсуге жағымсыз әсер етеді (*1-график*).

1-график. ІЖӨ өсуі қарқынының мұнай бағасының құбылмалылығына тәуелділігі (2000 жыл – 2018 жылғы 1-жартыжылдық аралығындағы кезеңдер тоқсан бойынша.)



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК, Thomson Reuters

Есептер: ҚРҰБ, мұнай бағасының стандартты ауытқуы бір күнгі деректермен есептелген

² Herfindahl-Hirschman index – шоғырландыруды бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіш

³ “One More Resource Curse: Dutch Disease and Export Concentration”, Dany Baha and Miguel A. Santos, May 2016

⁴ Aghion, P., Angeletos, G.-M., Banerjee, A., & Manova, K. (2010). Volatility and growth: Credit constraints and the composition of investment. *Journal of Monetary Economics*, 57(3), pp. 246-265.


Экспорттық және импорттық бағалардың өзгеруін көрсететін негізгі индикатор сауда талаптарының коэффициенті болып табылады. Бірліктер жоғары мәннің артықшылығы бар, себебі экспорттың белгілі бір саны үшін ел көп импорттық тауар сатып алады. Сауда талаптарындағы күрт өзгерістер ел ішінде сектор бойынша теңгерімсіздіктерге әкелуі мүмкін. Осылайша, сауда талаптарының теріс күйзелістері ағымдағы шоттың нашарлауына және елдің сыртқы активтерін қысқарту не сыртқы борышты өсіру арқылы қаржыландыру қажеттілігінің туындауына әкелуі мүмкін.

2. Талдаудың негізгі нәтижелері

2.1) Сауда талаптарының ауытқуы Қазақстанның ағымдағы шотының серпінін сипаттайды.

Сауда талаптары оң аймақта болған кезеңдерде, ағымдағы шот негізінен профицитпен қалыптасты (2-график).

2-график. Қазақстан саудасының талаптары



Қазақстан саудасының талаптарын есептеу үшін 2009 жылғы қаңтардан бастап 2018 жылғы қыркүйекке дейінгі кезең қаралды. Барлық индекстер 2010 жылғы қаңтардың базасына келтірілді (осы уақыт кезінде экспорттық және импорттық бағалар тең болып деп болжанады). **Экспорттық бағаларды** есептеу үшін Brent маркалы мұнай бағасын белгілеу пайдаланылды (2013-2017 жылдардағы кезеңде экспорттағы мұнайдың орташа үлесі – 62%). Энергия ресурстарына бағалардың бағыты басқа да ишкізат тауар топтары бағаларының өзгеруіне ұқсас екендігін атап өтеміз. **Импорттық баға** ретінде саудадағы әріптес елдердің өнеркәсіптік өнімдерін өндірушілердің бағаларынан (PPI*) және тұтынушылық бағалар индексінен (ТБИ) құралатын біріктірілген орташа алынған индекс есептеледі.

Инвестициялық және аралық импорт бағасы үшін PPI индекстері, тұтынушылық импорт үшін –ТБИ пайдаланылды. Импорт құрылымын ескере отырып мынадай өлшем қолданылды: РФ PPI – 41,1%, ҚХР PPI – 18,2%, ЕО PPI – 15,2%, РФ ТБИ – 15,5%, ҚХР ТБИ – 4,7%, ЕО ТБИ – 5,3%.

*- Өндірушілердің баға индексі PPI (Producer Price Index) — базистік кезеңге қатысты ұлттық өнім бағасының өзгеруі орташа деңгейінің көрсеткіші. PPI өндірістің барлық сатыларын: ишкізатты, аралық сатыларды, дайын өнімді, сондай-ақ барлық секторларды: өнеркәсіпті, өндіруді, ауыл шаруашылығын қамтиды.

Есеп айырысуларға сәйкес, бірлік сауда талаптарының коэффициентіне қол жеткізу үшін мұнай бағасының бір баррель үшін 103-104 долларына дейін бір қалыпты өсуі қажет (сауда әріптес елдердің орташа алынған РРІ және ТБИ арқылы аппроксимирленген сыртқы инфляцияның орташа қарқынының сақталуы жағдайы кезінде).

Тауар нарықтарында бағаның төмендеуі жағдайларында шикізат емес құрауыштар есебінен экспорттық жеткізулер құнының ұлғаюы күмәнді, сол себепті экспорттың диверсификациялануының төмен болуы байқалады.


2.2) Қаралып отырған экспорттық тауар топтарының біреуінің айналасына 50%-дан асам шоғырланған елдерде ағымдағы шоттың сауда талаптарына тұрақты тәуелдігі байқалады (1-кесте, 3-график). Бұл елдерге Норвегияны, Австралияны, Қытайды, Ресейді, Мексиканы; 2010 жылдан бастап Аргентинаны жатқызуға болады.


1-кесте. Негізгі тауар топтарының экспорттағы үлесі (орташа алғанда 2013-17 жылдар)

	Металдар	Минерал өнімдері (оның ішінде мұнай)	Химия өнекәсібінің өнімдері	Химия өнекәсібінің өнімдері	Азық-түлік тауарлары	Ағаш	Тоқыма	Басқалары
Норвегия	7%	62%	3%	12%	10%	1%	0%	5%
Канада	7%	24%	10%	29%	11%	7%	1%	11%
Австралия	5%	55%	5%	7%	14%	1%	2%	10%
Қытай	7%	2%	9%	51%	3%	2%	12%	15%
Аргентина	3%	5%	10%	15%	58%	1%	1%	8%
Чили	29%	27%	5%	3%	24%	8%	1%	2%
Мексика	4%	9%	6%	64%	7%	1%	2%	8%
Ұлыбритания	5%	9%	17%	40%	6%	2%	3%	18%
Ресей	9%	65%	6%	5%	4%	3%	0%	8%
Оңтүстік Африка	12%	23%	8%	22%	11%	2%	1%	20%
Қазақстан	12%	75%	5%	2%	4%	0%	0%	2%

Дереккөзі: ИТС – ДСҰ және БҰҰ-ның сауда және даму жөніндегі комиссиясының жанындағы агенттік
Есеп айырысулар: ҚРҰБ

3-график. Қаралып отырған елдердегі сауда талаптары





Дереккөз: Thomson Reuters


Көптеген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, дамушы елдердің басым бөлігінің кірістері бірнеше тауар позицияларын экспорттаудан түсімдерге байланысты (негізінен шикізат) болған. Париж экономикалық мектебі зерттеушілерінің⁵ тобы кіріс деңгейі жоғары 58 елді және кіріс деңгейлері төмен және орта (басқа топтар) 57 елді қарастырды. Зерттеулердің нәтижесі бай елдердің жартысында (48%) шикізаттың шоғырлануы 20%-дан

⁵ Policy responses to terms of trade shocks, Pierre Jacquet, Marwan Lisser, Sciences-Po Paris Alexis Atlani, Marwan Lisser Alexis Atlani, Paris School of Economics


аспайтынын, ал сол кезде басқа топтың 74%-ның шикізатты экспорттауы 20%-дық шектен жоғары болғанын көрсетті (4-график).

4-график. Кіріс деңгейлері әртүрлі елдердегі 2014 жылғы жалпы экспортта шикізат үлесін бөлу

а) Кіріс деңгейі жоғары



б) Кіріс деңгейлері төмен және орта



Экономиканың сыртқы секторының әлемдік тауар нарықтарындағы күйзелістерге сезімталдығының төмендеуі шикізатқа жатпайтын тауар позицияларының экспорттық әлеуетін кеңейту және импорталмастыруды ынталандыру бойынша құрылымдық реформалар жүргізуді талап етеді. Шаралардың аталған кешені өндірісті дамытуға және экономиканы әртараптандыруға мүмкіндік бермек, ол, өз кезегінде, болашақта ағымдағы шоттың тұрақты және орнықты сальдосы үшін жағдайлар туғызады.

Қазіргі уақытта Қазақстан отандық тауарөндірушілерді дамытуға бағытталған макроэкономикалық саясат жүргізіп отыр.